

	Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы Ереже	Нұсқа 7 2021
	Қазтұтынуодағы ҚарУ-Е-53-2021	стр.1 из 20

БЕКІТЕМІН

Қазтұтынуодағы Қарағанды
университетінің ректоры

т.ғ.д., профессор

Е.Б.Аймағамбетов

«18» 11 2021 ж.



ДОКТОРАНТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Қазтұтынуодағы ҚарУ-Е-53-2021

ҚАРАҒАНДЫ - 2021

	Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы Ереже	Нұсқа 7 2021
	Қазтұтынуодағы ҚарУ-Е-53-2021	стр.2 из 20

1. **Қолдану мақсаты мен саласы:** осы ереже философия докторларын (PhD), бейіні бойынша докторларды дайындауды қамтамасыз ететін немесе оған қатысатын, Қазтұтынуодағы ҚарУ кафедралары мен бөлімшелерінде докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, жоспарлау және жүргізу тәртібіне қойылатын жалпы талаптарды белгілеу мақсатында әзірленді.

2. Нормативтік сілтемелер

Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

2.1	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	27.07.2007ж. (өзгерістермен және толықтырулармен)
2.2	«Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	18.02.2011 ж. (өзгерістермен және толықтырулармен)
2.3	Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Докторантура	2018 жылғы 31 қазандағы № 604 ҚР Үкіметінің Қаулысы (өзгерістермен және толықтырулармен)
2.4	Дәрежелер беру ережесі	31.03.2011 ж. №127 ҚР БҒМ бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен)
2.5	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыру қызметінің Үлгілік ережесі	30.10.2018 ж. № 595 ҚР Білім және ғылым Министрінің бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен)
2.6	Диссертациялық кеңес туралы Үлгілік ереже	31.03.2011 ж. № 126 ҚР Білім және ғылым Министрінің бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен)
2.7	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру процесінің картасы ҚҚЭУ-ПК-19-2019	02.09.2019

Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар.

3.1. Терминдер мен анықтамалар:

Докторантура	білім беру бағдарламалары философия докторы (PhD) (бейіні бойынша доктор) дәрежесін бере отырып, кемінде 180 академиялық кредитті міндетті түрде игеру арқылы, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім;
Докторант	Докторантурада оқитын тұлға
Философия докторы	ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша



(PhD)	докторантура бағдарламасын игерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тысқары жерде диссертация қорғаған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте танылған тұлғаға берілетін, дәреже;
Бейіні бойынша доктор	кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантура бағдарламасын игерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тысқары жерде диссертация қорғаған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте танылған тұлғаға берілетін, дәреже;
Докторлық диссертация	жиынтығын жаңа ғылыми жетістік ретінде жіктеуге болатын теориялық ережелер әзірленген немесе ғылыми проблема шешілген, не ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер баяндалған дербес зерттеу болып табылатын докторанттың ғылыми жұмысы;
Ғылыми-зерттеу жұмысы	бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын анықтау, жобаларды ғылыми жинақтау, ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми ізденіспен, зерттеулер, эксперименттер жүргізумен байланысты жұмыс;
Диссертациялық зерттеулерді ғылыми негіздеу	докторант дайындаған және оқудың бірінші немесе екінші жылдары ішінде ЖОО бекіткен, зерттеу мақсаты, міндеттері мен әдіснамасы, әдебиеттерге шолу және зерттеудің күтілетін нәтижелері қамтылған құжат.
Басылымдар тізбесі	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті қалыптастыратын және бекітетін ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдардың тізбесі

3.2

Қысқартулар:

ДҒЗЖ	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы
Қазтұтынуодағы ҚарУ	Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті
ЖООКББД	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаменті

	Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы Ереже	Нұсқа 7 2021
	Қазтұтынуодағы ҚарУ-Е-53-2021	стр.4 из 20

4. Жауапкершілік.

Осы Ереженің орындалуына Қазтұтынуодағы ҚарУ-де философия докторларын (PhD) дайындауды қамтамасыз ететін кафедралардың меңгерушілері, өздерінің лауазымдық міндеттері шектерінде ЖООКББД қызметкерлері жауапты болады.

5. Сипаттама.

5.1. Жалпы ережелер .

5.1.1. Докторантураның білім беру бағдарламаларының ғылыми құрамдас бөлігі:

- докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысынан (ДФЗЖ) - философия докторы ((PhD) бағдарламасы бойынша - ғылыми-зерттеу жұмысынан;
- докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысынан (ДЭЗЖ) - бейіні бойынша доктор бағдарламасы бойынша - эксперименттік-зерттеу жұмысынан;
- ғылыми жарияланымдардан, докторлық диссертация жазудан және қорғаудан қалыптасады.

5.1.2. Докторанттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысының көлемі докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 123 академиялық кредиттерді құрайды.

5.1.3. Философия докторы((PhD) бағдарламасы бойынша оқитын ДФЗЖ-на қойылатын талаптар:

- докторлық диссертация қорғалатын, докторантураның білім беру бағдарламасының негізгі проблематикасына сәйкес келу;
- өзекті және ғылыми жаңалығы, практикалық маңызы болу;
- ғылым мен практиканың заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделеді;
- компьютерлік технологияларды қолдана отырып, деректерді өңдеу мен түсіндірудің заманауи әдістеріне негізделеді;
- ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін пайдалана отырып орындалады;
- негізгі қорғалатын қағидалар бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерді қамтиды.

5.1.4. ДФЗЖ негізгі мазмұны докторанттың жеке жоспарында көрініс табады.

5.1.5. ДФЗЖ аясында докторант жұмысының жеке жоспарында инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін тиісті салалардағы немесе қызмет салаларындағы ғылыми ұйымдарда және (немесе) ұйымдарда, оның ішінде шет елде ғылыми тағылымдардан міндетті өту көзделеді.

5.1.6. ДФЗЖ оқытушымен контактылық сағаттар аясында (бекітілген кестеге сәйкес) және докторанттың өздігінен орындайтын жұмысы аясында жүзеге асырылады.

	Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы Ереже	Нұсқа 7 2021
	ҚазҰТУ-дағы ҚарУ-Е-53-2021	стр.5 из 20

5.1.7. Жыл сайын оқу жылы аяқалғанда докторант жеке жұмыс жоспарының орындалуына академиялық аттестаттаудан өтеді.

5.1.8. Докторлық диссертацияны орындау ДҒЗЖ кезеңінде жүзеге асырылады. Докторлық диссертация ДҒЗЖ жиын қорытындысы болып табылады.

5.1.9. Диссертациялық зерттеудің мазмұны ұлттық басымдықтарды, мемлекеттік бағдарламаларды, іргелі немесе қолданбалы зерттеулер бағдарламаларын іске асыруға бағытталаған.

5.1.10. Диссертация дәрежелер беру Ережелері нысандарының бірінде табыс етіледі:

1) Ереженің 5.4.3 тармақтарына сәйкес зерттеудің негізгі нәтижелерін жариялаумен, диссертациялық жұмыс;

2) Clarivate Analytics Journal Citation Reports деректері бойынша бірінші және/немесе екінші квартильге кіретін басылымдарда жарияланған кемінде екі мақала мен бір шолудың сериясы. Мақалалардың бірінде докторант бірінші автор немесе корреспонденцияға арналған бірінші автор болып табылады.

5.2. Докторанттың ҒЗЖ мақсаттары мен міндеттері.

5.2.1. ДҒЗЖ докторлық даярлық бағыттарының негізгі білім беру бағдарламаларының құрамында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі мен ғылыми сала үшін ғылымның тиісті бағыттары бойынша ғылыми және практикалық мәселелерді шешуге қабілетті жоғары білікті мамандарды қалыптастыруға жәрдемдеседі.

5.2.2. ДҒЗЖ мақсаты - экономикалық, әлеуметтік, құқықтық және басқа да процестерді ғылыми тану әдіснамасын меңгерген және қазіргі заманғы ғылым мен техника проблемаларын зерттеуде ғылыми әдістерді қолдануға қабілетті докторантты дайындау. ДҒЗЖ-ның қорытынды нәтижесі докторлық диссертацияны жазу және сәтті қорғау болып табылады.

5.2.3. ДҒЗЖ міндеттері:

- кең іргелі білімі бар, қазіргі дәуірдің жоғары білікті мамандарын дайындау;

- практикада іске асыру және кейін халықаралық деңгейде ресми мақұлдату мақсатында, докторанттардың бойында теориялық тұжырымдамаларды сыни талдау және игеру қабілеттері мен білігін дамыту;

- докторанттардың бойында кәсіби өсуге және өзін-өзі дамытуға деген қабілеттерін, жаңа білімді өздігінен шығармашылықпен игеруге деген дағдыларын қалыптастыру;

- ғылым мен техниканың қазіргі заманғы бағыттары бойынша докторанттарға білім алудың жеке траекторияларын таңдау мүмкіндігін беру.

5.2.4. Докторантураның білім беру бағдарламаларын игеру нәтижесінде түлектер кәсіптік ғылыми-зерттеу жұмыстарының келесідей түрлері мен міндеттерін орындауға дайын болуы тиіс:

	Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы Ереже	Нұсқа 7 2021
	Қазтұтынуодағы ҚарУ-Е-53-2021	стр.6 из 20

- осы салада пайдаланылатын, зерттеу әдістері мен біліктері бойынша шеберлік танытып, зерделеу саласын жүйелі түсінуін көрсету;
- ғылыми зертеулердің кешенді процесін жоспарлау, әзірлеу және түзетулер жасау;
- ұлттық немесе халықаралық деңгейде жариялауға лайық болуы мүмкін ғылыми саланың шекарасын кеңейтуге өзінің түпнұсқа зерттеулерімен үлес қосу;
- жаңа және күрделі идеаларды сыни талдау, бағалау және синтездеу;
- өзінің білімі мен жетістіктерін әріптестеріне, ғылыми қоғамдастыққа және жұртшылыққа кеңінен хабарлау;
- білімге негізделген қоғамды дамытуға жәрдемдесу.

5.3. Докторанттарға ғылыми жетекшілік.

5.3.1. Докторантқа докторлық диссертацияға жетекшілік жасау үшін оқуға қабылданғаннан кейінгі екі ай ішінде ғылыми жетекшілік тағайындалады. Ғылыми жетекшілік Ғылыми кеңес шешімі негізінде ЖОО ректорының бұйрығымен бекітіледі.

5.3.2. ДҒЗЖ екі ғылыми консультанттың жетекшілігімен орындалады, оның бірі шетелдік ЖОО-ның ғалымы. Докторанттың ғылыми зерттеулері саласындағы мамандар ғылыми консультанттар болып табылады.

Докторанттарға ғылыми басшылықты "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі бар, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде үш жыл, докторанттың ғылыми-педагогикалық жұмысының авторы болып табылатын оқытушы жүзеге асырады:

- 8D06 "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" кадрларды даярлау бағыттары бойынша JCR (ТҚЖ) Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) деректері бойынша 1,2,3 квартильге кіретін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 мақала немесе CiteScore (СайтСкор) бойынша кемінде 35 процентиль көрсеткіші бар немесе 2 және одан жоғары Хирш индексі бар;

- даярлықтың қалған бағыттары бойынша ғылыми қызмет нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне енгізілген, бейіні бойынша басылымдарда 5 ғылыми мақаланың авторы және JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда немесе Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index в Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базаларының бірінде индекстелетін ғылыми журналда 1 мақаласы бар немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша кемінде 35 процентиль көрсеткішке ие.

	Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы Ереже	Нұсқа 7 2021
	Қазтұтынуодағы ҚарУ-Е-53-2021	стр.7 из 20

5.3.3. Ғылыми консультанттар докторлық диссертацияның орындалуын және академиялық адалдық қағидаларының сақталуын және диссертациялық жұмысты қорғауға уақытылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

5.4. Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының түрлері мен нысандары.

5.4.1. Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы келесі нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін.

- ғылыми консультанттардың тапсырмаларын докторанттың бекітілген жеке жұмыс жоспарына сәйкес орындау;

- Университеттің және кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысына (гранттық, шаруашылық шарт, бастамашылық тақырыптарға, ғылыми жобалар мен бағдарламаларға) қатысу;

- докторлар дайындайтын кафедралардың ғылыми және ғылыми-әдіснамалық семинарларына қатысу,

- халықаралық ғылыми және ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысу;

- докторантты даярлау бағыты бойынша, ҚР БҒМ БҒССҚК(КОКСОН) ұсынатын ғылыми журналдар Тізбесіне енгізілген басылымдарда және (немесе) халықаралық рецензияланатын журналдарда диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми мақалалар дайындау және жариялау;

- докторлық диссертация дайындау және қорғау.

5.4.2. Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы мақалалар докторанттың даярлық бағытына қатысты есепке алынады, атап айтқанда:

1) 8D05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, 8D06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 8D07 Инженерлік, өңдеуші және құрылыс салалары, 8D08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар, 8D09 Ветеринария, 8D10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина), 8D11 Қызметтер кадрлар даярлау бағыттары бойынша - Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports (JCR) деректері бойынша белгілі бір квартильге кіретін басылымдарда немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші бар басылымдарда;

2) кадрлар даярлаудың басқа бағыттары үшін - JCR деректері бойынша импакт-факторға ие басылымдарда немесе Clarivate Analytics компаниясының Web of Science Core Collection (разделы Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index деректер базасында индекстелетін басылымдарда, сондай-ақ Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентильдің белгілі бір көрсеткіші бар басылымдарда.

5.4.3. JCR деректері бойынша импакт-факторы бар (немесе Web of Science Core Collection (Arts and Humanities Citation Index Expanded, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдері) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 (бір) мақала немесе Citescore бойынша

	Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы Ереже	Нұсқа 7 2021
	Қазтұтынуодағы ҚарУ-Е-53-2021	стр.8 из 20

Scopus дерекқорында кемінде 25 процентиль көрсеткіші болған жағдайда, басылымдар тізбесіндегі журналдардағы мақалалар 3 (үш) санын құрайды..

CR деректері бойынша импакт-факторы бар журналда 1 (бір) мақала немесе Citescore бойынша процентиль көрсеткіші Scopus дерекқорында кемінде 25 болса және JCR базасының алғашқы үш кватилине кіретін немесе Scopus дерекқорында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 50 болған жағдайда, басылымдар Тізбесіне енгізілген ғылыми басылымдарда мақалаларды жариялау талап етілмейді.

JCR базасының бірінші кватилине кіретін журналда бір ғылыми мақала болған жағдайда басқа жарияланымдар талап етілмейді.

5.4.4 Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы мақалалар көрсетілген базаларда мәлімделген журналдың тақырыптық бағытына сәйкес келуі және ағымдағы нөмірлерде жариялануы тиіс. Бұл ретте мақаланы жариялау немесе диссертацияны қорғау сәтінде журналда Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші немесе диссертация мазмұнына сәйкес келетін ғылыми салалардың кем дегенде біреуі бойынша Web of Science Core Collection деректер базасында импакт-фактор (немесе индекстеледі) болуы тиіс.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда талап етілетін санынан асатын ғылыми мақалалар болған жағдайда, олар басылымдар Тізбесіне енгізілген ғылыми басылымдардағы мақалалар ретінде ескеріледі.

Clarivate Analytics компаниясының Web of Science дерекқорына енгізілген шетелдік патенттер халықаралық рецензияланатын ғылыми басылымдардағы жарияланымдар ретінде есепке алынады.

5.4.5. Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу нысандары докторлық бағдарламаның ерекшелігіне, докторлық диссертациялардың тақырыптарына байланысты докторанттардың жеке жұмыс жоспарында нақтыланады және толықтырылады.

5.4.6. Докторант бірінші семестр ішінде ғылыми консультанттардың жетекшілігімен жеке жұмыс жоспарын әзірлейді, ол бүкіл оқу кезеңіне жасалады және мынадай бөлімдерді:

- жеке оқу жоспарын (қажет болған кезде жыл сайын нақтылануы мүмкін);
- ғылыми-зерттеуді, эксперименттік-зерттеу жұмысын (тақырыпты, зерттеу бағытын, мерзімдері мен есептілік нысанын);
- практиканы (бағадарламаны, базаны, мерзімдері мен есептілік нысандарын);
- докторлық диссертация тақырыбын, негіздеумен және құрылымымен;
- докторлық диссертацияны орындау жоспарын;
- ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалар жоспарын (оның ішінде шет елдік) қамтиды.

5.4.7. Докторанттың ғылыми жарияланымдар жоспары, жарияланымдардың шамаланған тақырыбын, ғылыми мақалаларды жариялау

	Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы Ереже	Нұсқа 7 2021
	Қазтұтынуодағы ҚарУ-Е-53-2021	стр.9 из 20

жоспарланған ғылыми басылымдардың атауын, жарияланымдармен жұмыс жасау мерзімдерін қамтиды.

5.4.8. Докторлық диссертацияның тақырыбын таңдағаннан кейін докторант ғылыми консультанттардың жетекшілігімен, зерттеу мақсатын, міндеттері мен әдіснамасын, әдебиеттерге шолуды және зерттеудің күтілетін нәтижелерін қамтитын, ғылыми зерттеудің ғылыми негіздемесі жасалады. Докторанттың диссертациялық зерттеуінің ғылыми негіздемесі университеттің Ғылыми Кеңесінде бекітіледі.

5.4.9. Докторант орындайтын жұмыстардың сапасын, көлемін және уақытылығын бақылауды ғылыми консультанттар мен докторанттар дайындайтын кафедра жүргізеді. Докторанттар дайындайтын кафедра семестрде бір рет ғылыми-әдістемелік семинар өткізіп, докторанттарды тыңдап, олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін және докторлық диссертациялардың дайын болу дәрежесін талқылайды.

5.4.10. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаменті университет докторанттарының жеке жұмыс жоспарларын орындауына, оның ішінде олардың жарияланымдық белсенділігіне тоқсан сайын мониторинг жүргізеді.

5.5. Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері.

5.5.1. Оқудың бірінші жылындағы докторанттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі болып мыналар табылады:

- университеттің Ғылыми кеңесінде бекітілген докторлық диссертацияның тақырыбы;
- оларды жүзеге асырудың мерзімдері мен негізгі іс-шаралар көрсетілген, диссертациямен жұмыс жоспары;
- зерттеу объектісін, пәнін анықтау;
- докторлық диссертацияның мақсаттары мен міндеттерінің қойылысы;
- университеттің Ғылыми кеңесінде бекітілген диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі;
- зерттеудің мүмкін(ықтимал) ғылыми жаңалығын айқындау;
- компьютерлік технологияларды қолданып, деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін таңдау;
- диссертация тақырыбы бойынша заманауи әдебиеттерді (тұжырымдамаларды, пікірлерді, жетекші отандық және шетелдік ғалымдардың теорияларын талдау, қолданыстағы заңнамалық және нормативтік құжаттарды шолу, таңдаған тақырып бойынша әлемдік тәжірибені корсету және т.б.) егжей-тегжейлі талдау, сондай-ақ тақырыпты әзірлеуге автордың қосқан жеке үлесі;
- диссертациялық зерттеудің кемінде 30% көлемін орындау;
- ҚР БҒМ БҒССҚҚ ұсынған журналдарында кемінде 1 (бір) ғылыми мақаланың болуы және (немесе) осы Ереженің 5.4.2., 5.4.3 тармақтарына сәйкес халықаралық рецензияланатын журналда ғылым мақаланың қолжазбасын жариялауға дайындау;
- балл қоюмен ДҒЗЖ жұмысының нәтижелері бойынша жылдық бағалаудан өту.



5.5.2. Оқудың екінші жылындағы докторанттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі болып мыналар табылады:

- диссертациялық жұмыс үшін талдамалық және практикалық материал жинау, ол деректер жинау әдіснамасын, нәтижелерді өңдеу әдістерін, олардың дұрыстығын бағалауды қамтиды;

- докторлық диссертацияның 1 және 2 тарауларының түпкілікті мәтінін дайындау, бұл ретте практикалық бөлім міндетті түрде, компьютерлік технологияларды қолданып, деректерді өңдеу мен түсіндірудің заманауи әдістерін пайдалану арқылы зерттеу пәнінің қазіргі жай-күйін терең және жан-жақты талдауды қамтуы тиіс;

- диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша теориялық және эксперименттік жұмыстың кемінде 70%-ін орындау;

- ҚР БҒМ БҒССҚК ұсынған басылымдарда кемінде 2 (екі) ғылыми мақаланың болуы және (немесе) Ереженің 5.4.2., 5.4.3 тармақтарына сәйкес халықаралық рецензияланатын журналда кемінде 1 (бір) ғылыми мақаланың болуы;

- балл қоюмен ДҒЗЖ жұмыс нәтижелері бойынша жылдықбағалаудан өту.

5.5.3. Оқудың үшінші жылындағы докторанттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері болып мыналар табылады:

1) докторлық диссертацияның түпкілікті мәтінін дайындау (100%), бұл ретте қорытынды бөлім автор әзірлеген, зерделенген проблемаларды шешу тетігін, зерттеу объектісін дамытудың болжамдық бағалауы мен нұсқаларын, оның жұмыс істеу тиімділігін арттыруға оң ықпал ететін болашақтағы іс-шараларды және т.б. қамтуы тиіс.

2) ҚР БҒМ БҒССҚК ұсынған басылымдарда кемінде 3 (үш) ғылыми мақала болуы және JCR (ТҚЖ) деректері бойынша импакт-факторы бар (немесе Web of Science Core Collection Дерекқорында индекстелетін (Arts and Humanities Citation Index Expanded, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдері) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 (бір) ғылыми мақала болуы немесе Citescore бойынша Scopus дерекқорында проценти́ль көрсеткіші кемінде 25 болуы;

- немесе JCR деректері бойынша импакт-факторы бар журналда 1 (бір) мақала болуы немесе Citescore бойынша проценти́ль көрсеткіші Scopus дерекқорында кемінде 25 болуы және JCR базасының алғашқы үш квартиліне кіретін немесе Scopus дерекқорында CiteScore бойынша проценти́ль көрсеткіші кемінде 50% болатын журналда 1 (бір) мақала болуы;

- немесе JCR базасының бірінші квартиліне кіретін журналда бір ғылыми мақаланың болуы.

5.5.4. Докторлық диссертация тәуелсіз өз бетімен орындаушылық қағидаттарын, ішкі бірлікті, ғылыми жаңалықты, нақтылықты және практикалық құндылықты, академиялық адалдықты сақтай отырып орындалады.

	Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы Ереже	Нұсқа 7 2021
	Қазтұтынуолағы ҚарУ-Е-53-2021	стр.11 из 20

Тәуелсіздік қағидаты диссертацияның тәуелсіз өз бетінше жазылғанын және диссертация авторының ғылымға, техника мен технологияның дамуына қосқан жеке үлесін көрсетеді.

Ішкі бірлік қағидаты диссертацияның ішкі бірлігі бар екенін, диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері қисынды өзара байланысты екенін; ғылыми ережелер, алынған нәтижелер мен ұсынымдар диссертацияда қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келуі тиіс екенін білдіреді. Автор ұсынған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) белгілі шешімдермен салыстырғанда негізделген және бағаланған.

Ғылыми жаңалық қағидаты, диссертацияның ғылыми нәтижелері, қағидалары, ұсынымдары мен қорытындылары жаңа болып табылатынын және диссертация келесілерді қамтитынын білдіреді:

- жиынтығы жаңа ғылыми жетістік ретінде жіктелетін немесе нақты ғылыми бағыттарды дамыту үшін маңызды мәні бар жаңа ғылыми негізделген теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелер;

- немесе ғылыми негізделген техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқарушылық шешімдер, оларды енгізу ел экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қосады.

Нақтылық қағидаты диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін және компьютерлік технологияларды қолдана отырып деректерді өңдеу және түсіндіру әдістемелерін пайдалана отырып алынғанын (егер қолданылатын болса); жаратылыстану, техникалық, медициналық, ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша орындалған диссертациялар үшін теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденгенін және расталғанын; "Білім" тобының мамандықтары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденгенін (егер қолданылатын болса) білдіреді.

Диссертацияның практикалық құндылығының қағидаты қолданбалы мәні бар диссертацияда автор алған ғылыми нәтижелердің практикалық қолданылуы туралы, авторлық куәліктермен, патенттермен, зияткерлік меншік куәліктерімен, өндіріске енгізу актілерімен және басқа да ресми құжаттармен расталған мәліметтер, ал теориялық мәні бар диссертацияда ғылыми қорытындыларды пайдалану жөніндегі ұсынымдар келтірілгенін білдіреді.

Академиялық адалдық қағидаты диссертация авторының басқа авторлардың құқықтары мен заңдық мүдделерін сақтауын, келесілердің болмауын білдіреді:

- мәтінді, идеяларды, гипотезаларды, қорытындыларды, әдістерді, зерттеу нәтижелерін, графиктерді, кодтарды, суреттерді немесе басқа авторлардың жұмыстарын авторға және дереккөзге сілтеме жасамай пайдалану және (немесе) беру, сондай-ақ басқа тілден аударылған мәтінді пайдалануды қоса алғанда, сөздер мен сөз тіркестерін мағынасын өзгертпей синонимдік ауыстыра отырып басқа авторлардың мәтінін пайдалану (плагиат);



- өз материалын, нақты және цифрлық деректерді өзіне және (немесе) өз дәйексөздерінің көзіне сілтеме жасамай пайдалану фактілері (автоплагиат);
- жоқ дереккөздерге сілтемелер, дәйексіз деректерді және (немесе) нәтижелерді, жазбаларды немесе олар туралы хабарламаны ұсыну (фабрикация);
- зерттеу материалдарын, жабдыктарды, суреттерді, иллюстрацияларды немесе процестерді манипуляциялау, соның салдарынан диссертациядағы зерттеу материалдары бұрмаланады (бұрмалау).

5.6. Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысын(ҒЗЖ) аттестаттау

5.6.1. Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға 123 академиялық кредиттер және докторлық диссертацияны жазуға және қорғауға 12 академиялық кредиттер бөлінеді. ДҒЗЖ оқу процесі кезеңінде және сол сияқты оқуын үзіп те ұйымдастырылады.

5.6.2. ДҒЗЖ-ды аттестаттаудың негізгі міндеттері докторанттың жұмысын бағалау, докторанттың жеке жоспарын орындау, диссертациялық зерттеуді орындаудың нақты жай-күйін және оның докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкестігін айқындау, сондай-ақ үздік нәтижелерге қол жеткізу мақсатында ДҒЗЖ ұйымдастыруды түзету үшін ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

5.6.3 ДҒЗЖ-ды аттестаттау оның орындалу барысына қорытынды және ағымдағы бақылау жасауды көздейді.

5.6.4. Қорытынды бақылау оқу жылының соңында жүзеге асырылады және алынған нәтижелер туралы жазбаша есеп, оны кафедра отырысында талқылау және ДҒЗЖ нәтижелері бойынша баға қою қарастырылған. Бірінші блоктың жұмыстарының орындалуын бағалауды докторанттың ғылыми консультанттары, екінші блок жұмысының орындалуын – кафедраның ДҒЗЖ-ға жауапты адамы, кафедра меңгерушісі жүзеге асырады (1,2,3-қосымшалар).

5.6.4. Ағымдағы бақылау жұмыстардың кез келген сатысында жүзеге асырылады және оны докторанттың ғылыми жетекшілері жүргізеді. Докторант ғылыми консультанттарға бақылау жүргізу үшін қажетті материалдар мен құжаттарды ұсынуға міндетті.

5.6.5. Ағымдағы бақылауды докторанттың ғылыми консультанттары келесі нысандарда жүзеге асырады:

- орындалған жұмыстардың жекелеген нәтижелері бойынша докторанттың есептері;
- докторант жұмысының әрбір кезеңінде диссертацияның дайындық деңгейін және жарияланымдық белсенділікті бақылау;
- орындалған жұмыс нәтижелері бойынша on-line консультациялар нысанында әңгімелесу;
- докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысын шетелдік консультанттардың бағалауы.

	Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы Ереже	Нұсқа 7 2021
	Қазтұтынуодағы ҚарУ-Е-53-2021	стр.13 из 20

5.6.6. Ағымдағы бақылау нәтижелері оқу жылындағы докторанттың жұмысы туралы кафедраның кейінгі қорытындысы үшін есепке алынады.

5.6.7. Теріс қорытынды келесі жағдайларда қабылдануы мүмкін:

- докторанттың қажетті есеп беру материалдарын орынды себепсіз белгіленген мерзімде табыс етпеуі;

- ДҒЗЖ блоктарының толық көлемде орындалмауы;

- маңызды ғылыми нәтижелердің болмауы (доктор дайындайтын кафедраның қорытындысы бойынша).

5.6.8. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері жазбаша түрде (есеп түрінде) ресімделіп, бекіту үшін ғылыми консультанттарға берілуі тиіс.

5.6.9. Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есебі ғылыми консультанттардың бұрыштама рұқсатнамасымен доктор дайындайтын кафедраға табыс етілуі тиіс (2-қосымша).

5.6.10. Докторант әрбір академиялық кезеңнің соңында доктор дайындайтын кафедраның отырысында өзінің ғылыми-зерттеу жұмысы туралы жария баяндауы тиіс. Кафедра отырысының хаттамасынан үзінді ЖООКББД-не тапсырылады.

Қорғау қорытындылары бойынша доктор дайындайтын кафедра баға қояды, сондай-ақ докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша тиісті кредиттер санын игергені (игермегені) туралы қорытынды беріледі.

5.6.11 ДҒЗЖ жылдық нәтижелерін аттестаттау мынадай жағдайлар кезінде жүзеге асырылады:

- **оқудың 1-ші жылы үшін** – диссертациялық зерттеудің 30%-н орындау, ҚР БҒМ БҒССҚК ұсынған басылымдарда кемінде 1 (бір) ғылыми мақала және (немесе) осы Ереженің 5.4.3 тармағына сәйкес халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда ғылыми мақаланың қолжазбасын жариялауға дайындау;

- **оқудың 2-ші жылы үшін** – диссертациялық зерттеудің 70%-н орындау, ҚР БҒМ БҒССҚК ұсынған басылымдарда кемінде 3 (үш) ғылыми мақала болу, сондай-ақ осы Ереженің 5.4.3 тармағына сәйкес халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 2 (екі) ғылыми мақала болу;

- **оқудың 3-ші жылы үшін** – диссертацияның барлық бөлімдерін 100 % орындау. ҚР БҒМ БҒССҚК ұсынған басылымдарда кемінде 3 (үш) ғылыми мақала және рецензияланатын халықаралық ғылыми журналда 1 (бір) ғылыми мақаладан кем емес; немесе JCR деректері бойынша импакт-факторы немесе Citescore бойынша процентиль көрсеткіші бар журналда 1 (бір) мақаланың Scopus дерекқорының алғашқы үш квартиліне кіретін журналда және JCR базасының алғашқы үш квартиліне кіретін немесе Scopus дерекқорында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын журналда жариялануы; немесе JCR дерекқорының бірінші квартиліне кіретін журналда немесе CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші Scopus деректер базасында кемінде 50 болатын журналда 1 (бір) мақаланың болуы немесе CR базасының бірінші квартиліне кіретін журналда бір ғылыми мақала жариялау.

	Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы Ереже	Нұсқа 7 2021
	ҚазҰТУ-дағы ҚарУ-Е-53-2021	стр.14 из 20

5.6.12 Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқуының толық курсын менгерген, бірақ ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындамаған докторантқа ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) академиялық кредиттерін қайта игеруге және кейінгі жылдары диссертацияны ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқуының толық курсын менгерген, ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындаған, бірақ докторлық диссертацияны қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері мен академиялық кредиттер беріліп, бітіргеннен кейін бір жыл ішінде тегін негізде, ал кейінгі жылдары кемінде 4 академиялық кредит көлемінде ақылы негізде диссертация қорғауға мүмкіндік беріледі.

Бұл ретте бітіргеннен кейін 3 жыл өткен соң докторант ақылы негізде диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі қайта бекітілгеннен кейін ғана қорғауға жіберіледі.

3.Шығару және тарату. Ереженің көшірмелерін шығаруды және таратуды ЖООКББД қамтамасыз етеді. Осы ереженің көшірмесі ғылыми жұмыс жөніндегі проректорға, кафедралардың меңгерушілеріне, Сапаны қамтамасыз ету және аккредитация жөніндегі орталыққа, ЖООКББД қызметкерлеріне жіберілуі тиіс.

7. Құжаттау (немесе сақтау). Тіркеу, есепке алу, шығару, тарату және сақтау ҚҚЭУ-ҚБД-02-2019 "Құжатталған ақпаратты басқару"рәсіміне сәйкес жүзеге асырылады. Ереженің түпнұсқасы ЖООКББД-де сақталады, көшірмелері Сапаны қамтамасыз ету және аккредитация жөніндегі орталықта сақталады.

8. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі. Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаментінің директоры енгізеді.

ӨЗІРЛЕУШІЛЕР:


ЖООКББД директоры,

э.ғ.к., доцент

 О.А.Тян

Бас маман,

э.ғ.к., профессор

 Г.М.Калқабаева

КЕЛІСІЛДІ:

ҒЗИҚ жөніндегі проректор,

э.ғ.д., профессор


 Г.Е.Накипова

Сапаны қамтамасыз ету және



аккредитация жөніндегі орталық директоры,

э.ғ.к., доцент

 Д.Г.Кудикенова

ҚБД директоры

 Ю.Н.Еремин



1-қосымша

Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысын (ДҒЗЖ) бағалау критерийлері

1 блок – Жүргізілетін диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми консультанттардың тапсырмаларын орындау		баға
1	Докторлық диссертацияны жазу және ДҒЗЖ жүргізу бойынша отандық ғылыми консультанттың ұсынымдарын орындау дәрежесі	49-100
2	Докторлық диссертацияны жазу және ДҒЗЖ жүргізу бойынша шетелдік ғылыми консультанттың ұсынымдарын орындау дәрежесі	49-100 (шетелдік ғылыми жетекшінің қойған бағасы)
3	Жеке жұмыс жоспарына сәйкес жоспарланған іс-шаралардың орындалуын жоспар-фактілік бақылау	49-100
1-ші блок бойынша орташа баға		49-100
2 блок – Ғылыми/эксперименттік компоненттерді орындау		баға
1	Кафедраның, университеттің ғылыми-зерттеу жұмысына (ғылыми тақырыптар мен жобаларға) қатысу	49-100
2	Доктор дайындайтын кафедра жүргізетін ғылыми және ғылыми-әдіснамалық семинарларға қатысу	49-100
3	ҚР БҒМ БҒССҚК ұсынған басылымдарда ғылыми мақалалар дайындау және жариялау және (немесе) Ереженің 5.4.2., 4.4.3 тармақтарына сәйкес халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда ғылыми жарияланымдар	49-100
4	Халықаралық ғылыми және ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысу	49-100
5	Компьютерлік технологияларды қолданып, деректерді өңдеу мен түсіндірудің заманауи әдістерін пайдалану	49-100
6	Докторлық диссертацияның дайындық дәрежесі	49-100
2-ші блок бойынша орташа баға		49-100
1 ЖӘНЕ 2-ШІ БЛОК БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ БАҒА		49-100

ДҒЗЖ бағалау критерийлері

«А-», «А» (өте жақсы) – аталған тақырып бойынша қазіргі заманғы экономикалық әдебиеттерді міндетті түрде талдауды (жетекші отандық және шетелдік ғалым-экономистердің тұжырымдамаларын, пікірлерін, теорияларын; қолданыстағы заңнамалық және нормативтік құжаттарға шолу жасауды; проблеманың тарихи-экономикалық аспектісін карауды; тандап алынған тақырып бойынша әлемдік тәжірибені жариялауды) көздейді.



Практикалық бөлімде компьютерлік технологияларды қолдана отырып, деректерді өңдеудің және түсіндірудің заманауи әдістерін пайдалану арқылы, зерттеу тақырыбының қазіргі жағдайын терең және жан-жақты талдау қажет. Қорытынды бөлімде зерттелген мәселені шешудің автор әзірлеген тетігі, зерттеу объектісінің болжамды бағалары мен даму нұсқалары, оның жұмыс істеу тиімділігін арттыруға ықпал ететін перспективалық шаралар және т. б. болуы керек.

«В-», «В», «В+», «С+» (жақсы) – теориялық мәселелерді жеткілікті толық жарияламауға, ағымдағы практикалық материалды жеткілікті толық талдамауға, жұмыстың теориялық және практикалық бөліктері арасындағы логикалық байланыстың бұзылуына жол береді; автордың тұжырымдары мен ұсыныстарының жалпы, жеткіліксіз нақты сипаты.

Ғылыми-зерттеу компонентіне толық емес көлемдегі жарияланымдар кіреді, докторант кафедраның ҒЗЖ-да кейбір нәтижелер алды.

«С-», «С», «D+», «D» (қанағаттанарлық) – диссертациялық жұмыста елеулі кемшіліктер болуы мүмкін, атап айтқанда: теориялық мәселелердің үстірт дамуы, теориялық тұжырымдардың дәлелі болмауы, зерттеу тақырыбын негізсіз тар шеңберде қарастыру, практикалық маңыздылықтың төмендігі, тұжырымдар мен ұсыныстардың қолданбалы сипатының болмауы.

Ғылыми-зерттеу компоненті тек бір немесе бірнеше бөлімде орындалған, кафедраның ҒЗЖ-да докторанттың жұмыс нәтижелері жоқ.

«FX» (қанағаттанарлықсыз) – диссертациялық жұмыста проблеманың теориялық әзірленуінің төмен деңгейі ұсынылған; практикалық материалға талдау жасалмаған; зерттелетін мәселе бойынша нақты тұжырымдар мен ұсыныстар қамтылмаған; жұмыс бөлімдер арасындағы логикалық өзара байланыссыз әдеби дерек көздерінің компиляциясын білдіреді.

Ғылыми-зерттеу компоненті бөлімдердің ешқайсысында орындалған жоқ.

А-дан А-ға дейін, В-дан В+-ға дейін, D-дан С+-ға дейін ауытқу амплитудасындағы бағалауды таңдау, жүргізілетін диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми консультанттардың тапсырмаларын орындау дәрежесімен және ғылыми/эксперименттік-зерттеу компонентінің іске асырылу көлемімен айқындалады.

	Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы Ереже	Нұсқа 7 2021
	Қазтұтынуодағы ҚарУ-Е-53-2021	стр.18 из 20

2-қосымша

Докторанттың есебі

курс__ ББ _____
оқу жылындағы
ғылыми-зерттеу жұмысын орындауы туралы

1. Ғылыми-зерттеу жұмысы – осы бөлімде көрініс табады:

1. Докторлық диссертацияның орындалуы туралы мәліметтер (жоспарланған теориялық және эксперименттік зерттеулер шеңберінде орындалған жұмыстардың түрлері мен сипаты, диссертацияның аяқталу (дайындық) дәрежесі, бүгінгі күні жүзеге асырылатын жұмыстардың түрлері және т. б.

2. Ғылыми конференцияларға қатысу және ғылыми мақалалар жариялау туралы келесі нысандағы мәліметтер:

№	Атауы	Жұмыс сипаты	Баспа, журнал, атауы, нөмірі, жылы, беттер	Көлемі (б.т.)	Тең авторлардың тектері
1	2	3	4	5	6

3. Кафедралардың, университеттің ҒЗЖ шеңберінде докторант жүргізетін ғылыми-зерттеу жұмысы туралы мәліметтері (ғылыми кафедралық тақырыпқа қатысу және орындау, шаруашылық келісім-шарттық ғылыми тақырыптар мен ғылыми жобаларға қатысу, материалдар дайындау және ғылыми, әдіснамалық семинарларға, дөңгелек үстелдерге және т. б. қатысу)

2. ДҒЗЖ орындалуын бақылау – бұл бөлімде докторанттың жеке жұмыс жоспарын орындау дәрежесі туралы ғылыми консультанттардың қорытындысы және докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысын орындағаны үшін баға көрсетіледі.

Докторант (ТАӘ, қолы)

Ғылыми консультант (ТАӘ, регалии, қолы)

Ғылыми консультант (ТАӘ, регалии, қолы)

Кафедра меңгерушісі (ТАӘ, регалии, қолы)

	Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы Ереже	Нұсқа 7 2021
	Қазтұтынуодағы ҚарУ-Е-53-2021	стр.19 из 20

3-қосымша

Ф.П-53-01

ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

№ __ВЕДОМОСІ

**ДОКТОРАНТТАРДЫҒЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫН
БАҚЫЛАУ**

Топ ____ Курс ____
Семестр ____ Оқу жылы ____
Кафедра ____
Кредиттер саны ____

№	Білім алушының Т.А.Ә.	Ғылыми консультанттардың Т.А.Ә.	ДҒЗЖ орындалуын бағалау	ДҒЗЖ үшін жауапты адамның қолы
1				
2				
Оқу тобының орташа балы:				

Жоғары оқу орнынан кейінгі
білім беру департаментінің директоры _____
(қолы)

Тіркеуші _____
(қолы)

Есерту:

- 1) 90-нан 100 балға дейін-«А», «А-»-«өте жақсы»;
70-тен 89 балға дейін – «В+», «В», «В-», «С+»- «жақсы»;
50-ден 69 балға дейін-«С», «С-» «Д+», «Д» - «қанағаттанарлық»;
0-ден 49 балға дейін –«FХ», «F»-«қанағаттанарлықсыз».
- 2) Ведомоске өзгерту енгізуге жол берілмейді.

4-қосымша

Ф.П-53-02

БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

бағалау критерийлері бойынша докторанттардың ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері

Әрбір критерий 100 балдық шкала бойынша бағаланады.

[illegible]

[illegible]